



201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ данасы

экз. № \_\_\_\_\_

№ исх: 11-4/2225 дз от: 12.10.2018

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

20.09.2018 ж. шығ. № ДС-153

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің Астана қаласына іргелес елді мекендердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарын дамытуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

*Халық саны тығыз орналасқан қала сыртындағы ауылдарды Астана агломерациясының және Астана қаласының перспективті даму жоспарына қосуға қатысты.*

«Астана агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 қарашадағы № 726 қаулысына сәйкес Астана агломерациясының құрамына Астана қаласынан бөлек, Ақмола облысы Ақкөл ауданының 4 ауылдық округі, Аршалы ауданының 13 ауылдық округі, Целиноград ауданының 18 ауылдық округі, Шортанды ауданының 11 ауылдық округі кіреді, оның ішінде халық тығыз орналасқан Қосшы, Қоянды, Қараөткел, Талапкер сияқты ауылдар да бар.

*Инфрақұрылымдар (жол, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау) және мәдениет объектілерін салуды қаржыландыруға қатысты.*

Қазіргі уақытта Астана қаласына іргелес орналасқан ауылдық елді мекендерді инфрақұрылымдық дамыту «Астана қаласына іргелес елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2020 жылға дейінгі кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 681 қаулысы шеңберінде (бұдан әрі – Кешенді жоспар) жүзеге асырылады, оның негізгі мақсаты инфрақұрылымдық даму бойынша бірінші кезектегі тапсырмаларды шешу болып табылады.

Кешенді жоспарда 105 млрд. теңге сомаға (республикалық бюджеттен – 97,6 млрд. теңге және жергілікті бюджеттен – 7,4 млрд. теңге) 194 іс-шараны іске асыру көзделген. Жоспарланған 194 іс-шараға 55 іс-шара сумен жабдықтау

бойынша, 51 – жол салу, 24 – білім беру, 16 – денсаулық сақтау, 16 – тұрғын үй құрылысы, 15 – электрмен жабдықтау және 17 – өзгелері бойынша (16 – елді мекендер құрылысын дамыту схемасын әзірлеу және 1 жылумен жабдықтау бойынша) енгізілген.

Көрсетілген іс-шараларды 2015 жылдан бастап 2018 жылды қоса алғандағы кезеңде іске асыруға 24,3 млрд. теңге бөлінді (республикалық бюджеттен – 20,6 млрд. теңге және жергілікті бюджеттен – 3,7 млрд. теңге).

2019 – 2020 жылдары республикалық бюджетте сумен жабдықтау бойынша 17 жобаны іске асыруға жалпы сомасы 3,9 млрд. теңге, автомобиль жолдары инфрақұрылымының 9 жобасына 3,7 млрд. теңге сомаға, білім беру бойынша 3 жобаға 2,6 млрд. теңге сомаға, электрмен жабдықтау бойынша 3 жобаға 0,3 млрд. теңге сомаға қаражат көзделген.

Сонымен қатар, «Инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, Астана қаласының жинақы құрылысы жөніндегі 2019 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақ драма театрын салуға 1,2 млрд. теңге сомасы көзделген.

Аталған жоспарды іске асыру қаланың, сол сияқты Астана қаласына іргелес елді мекендердің экономикасын дамытуға оң әсерін тигізеді.

*Ауылдардағы оқушылардың санына сәйкес мектеп салуды қаржыландыруға қатысты.*

2018 жылы Целиноград ауданының Максимовка (300 орындық), Қаражар (120 орындық), Қоянды (1200 орындық), Қажымұқан (300 орындық) ауылдық елді мекендерінде мектеп салу бойынша 4 жобаны іске асыруға және Ақмол ауылында мектеп салу бойынша (600 орындық) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге жалпы сомасы 1,1 млрд. теңге бөлінді, оның ішінде республикалық бюджеттен 850 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 283 млн. теңге.

2019 – 2020 жылдары республикалық бюджетте Қажымұқан, Қоянды, Қосшы ауылдарында 3 мектеп салуға 2,5 млрд. теңге жоспарланған.

Жоғарыда көрсетілген жобаларды іске асыру үш ауысыммен оқу және оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Талапкер, Тайтөбе, Қараөткел, Жайнақ ауылдарындағы елді мекендерде мектептер білім беру желілерінің мемлекеттік нормативіне сәйкес келеді.

*Президенттің бес әлеуметтік бастамасына сәйкес ауылдық елді мекендерді газдандыруға қатысты.*

«Сарыарқа» магистральдық газ құбырының бірінші кезеңі құрылысының жобасын іске асыру жөніндегі жол картасына сәйкес (*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 14 наурыздағы № 30-р өкімімен бекітілген*) Ақмола облысының әкімдігі 2019-2021 жж. пайдалануға берілуіне қарай магистральдық газ құбырына қосылу үшін газ тарату желілерін жобалау, салу және кезең-кезеңімен іске қосу мәселелерін пысықтауда. «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры трассасының бойындағы елді мекендерді газдандыру кезінде Ақмола облысында Аршалы ауданының 17 елді мекенін және Целиноград ауданының 3 елді мекенін қосу жоспарланып отыр.

2018 жылы газ тарату желілерін салу бойынша жобалық құжаттама әзірлеуге жергілікті бюджеттен 100 млн. теңге көлемінде қаражат бөлінді, оның ішінде Аршалы ауданында 9 жобаға 56,1 млн. теңге және Целиноград ауданында 3 жобаға – 43,9 млн. теңге.

*Жоғарыда аталып өткен мәселелерді орындау мерзіміне қатысты.*

Астанаға іргелес елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту жобаларын қаржыландыру бойынша қойылған міндеттерді іске асыру Кешенді жоспар мерзімі шеңберінде, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттарының мүмкіндігіне қарай жүзеге асырылатын болады.

Қазіргі уақытта Астана қаласына іргелес елді мекендерді дамыту бойынша іс-шараларды тиімді іске асыру мақсатында Ұлттық экономика министрлігі мүдделі орталық атқарушы органдармен және Ақмола облысы әкімдігімен бірлесіп, Кешенді жоспарды өзектілендіру бойынша жұмыс жүргізуде. Кешенді жоспарға аяқталуы 2020 жылдың соңына дейін жоспарланған аса маңызды іс-шаралар енгізілетін болады.

**Б. Сағынтаев**

*Орынд.: С. Қабашев  
тел.:75-00-23*



201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ данасы

экз. № \_\_\_\_\_

№ исх: 11-4/2225 дз от: 12.10.2018

**Депутатам  
Мажиліса Парламентa  
Республики Казахстан  
(по списку)**

*На № ДЗ – 153 от 20.09.2018 г.*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно развития социальной и инженерной инфраструктуры прилегающих к городу Астане населенных пунктов, сообщая следующее.

*Касательно включения густонаселенных пригородных сел в перспективный план Астанинской агломерации и города Астаны*

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 8 ноября 2017 года № 726 «Об утверждении Межрегиональной схемы территориального развития Астанинской агломерации» в состав Астанинской агломерации помимо города Астаны входят 4 сельских округа Аккольского, 13 сельских округов Аршалынского, 18 сельских округов Целиноградского, 11 сельских округов Шортандинского районов Акмолинской области, в том числе такие густонаселенные пункты как Косшы, Коянды, Караоткель, Талапкер.

*Касательно финансирования строительства инфраструктуры (дорог, теплоснабжения, водоснабжения) и объектов культуры*

В настоящее время инфраструктурное развитие сельских населенных пунктов, прилегающих к городу Астане, осуществляется в рамках Комплексного плана социально-экономического развития населенных пунктов, прилегающих к городу Астане, до 2020 года, утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 июня 2014 года № 681 (далее - Комплексный план), основной целью которого является решение первоочередных задач по инфраструктурному развитию.

Комплексным планом предусмотрена реализация 194 мероприятий на общую сумму 105 млрд.тенге (республиканский бюджет - 97,6 млрд.тенге, местный бюджет - 7,4 млрд. тенге). В числе запланированных 194 мероприятий: 55 мероприятий по водоснабжению, 51 – по дорогам, 24 – образованию, 16 – здравоохранению,

16 – жилищному строительству, 15 – электроснабжению, 17 мероприятий – прочие (16 - разработка схем развития застройки населенных пунктов и 1 – по теплоснабжению).

На реализацию указанных мероприятий за период с 2015 по 2018 год было выделено 24,3 млрд.тенге (республиканский бюджет - 20,6 млрд.тенге, местный бюджет - 3,7 млрд.тенге).

На 2019-2020 годы в республиканском бюджете запланированы средства на реализацию 17 проектов по водоснабжению на сумму 3,9 млрд.тенге, 9 проектов автодорожной инфраструктуры на сумму 3,7 млрд.тенге, 3 проекта по образованию на сумму 2,6 млрд.тенге, 3 проекта по электроснабжению на сумму 0,3 млрд.тенге.

Наряду с этим, Комплексным планом по компактной застройке города Астаны с обеспечением инженерно-транспортной инфраструктуры на 2019 – 2023 годы, утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 сентября 2018 года № 590, за счет средств местного бюджета в сумме 1,2 млрд. тенге предусмотрено строительство Казахского драматического театра.

Реализация данного плана внесет положительный эффект в развитие экономики как города, так и прилегающих к городу Астане населенных пунктов.

*Касательно финансирования строительства школ в соответствии с численностью учащихся в селах*

В 2018 году выделены средства на общую сумму 1,1 млрд.тенге, в том числе из республиканского бюджета 850 млн.тенге, из местного бюджета 283 млн.тенге, на реализацию 4 проектов по строительству школ в сельских населенных пунктах Целиноградского района: Максимовка (300 мест), Каражар (120 мест), Коянды (1200 мест), Кажымукан (300 мест) и на разработку проектно-сметной документации по строительству школы в селе Акмол (на 600 мест).

На 2019-2020 годы в республиканском бюджете запланировано 2,5 млрд.тенге на строительство 3 школ в селах Кажымукан, Коянды, Косшы.

Реализация вышеуказанных проектов позволит решить вопрос трехсменного обучения и дефицита ученических мест.

В населенных пунктах Талапкер, Тайтобе, Караоткель, Жайнак школы соответствуют государственному нормативу сети образования.

*Касательно газификации сельских населенных пунктов, согласно пяти социальным инициативам Президента*

В соответствии с Дорожной картой по реализации проекта строительства первого этапа магистрального газопровода «Сарыарка», утвержденной распоряжением Премьер-Министра от 14 марта 2018 года № 30-р, акимом Акмолинской области прорабатываются вопросы проектирования, строительства и поэтапного ввода в эксплуатацию газораспределительных сетей для подключения к магистральному газопроводу по мере его ввода в эксплуатацию в 2019 - 2021 гг. При газификации населенных пунктов вдоль трассы магистрального газопровода «Сарыарка» планируется подключение 17 населенных пунктов Аршалынского района и 3 населенных пунктов Целиноградского района Акмолинской области.

В 2018 году на разработку проектной документации по строительству газораспределительных сетей из местного бюджета выделены средства в размере

100 млн. тенге, в том числе на 9 проектов в Аршалынском районе 56,1 млн. тенге и на 3 проекта в Целиноградском районе 43,9 млн. тенге.

*Касательно сроков реализации по рассмотрению вышеперечисленных вопросов*

Реализация поставленных задач по финансированию проектов инфраструктурного развития прилегающих к городу Астане населенных пунктов будет осуществляться в рамках сроков, установленных Комплексным планом, а также исходя из возможностей республиканского и местного бюджетов.

В настоящее время, в целях эффективной реализации мероприятий по развитию прилегающих к городу Астане населенных пунктов, Министерством национальной экономики совместно с заинтересованными центральными исполнительными органами и акиматом Акмолинской области проводится работа по актуализации Комплексного плана, в который будут включены наиболее значимые мероприятия, планируемые к завершению до конца 2020 года.

**Б. Сагинтаев**